Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# QAZAQ ÝNIVERSITETI

№1 (1752)
28 қаңтар
2020 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI



# ЮБИЛЕЙ ВЕЛИКОГО МЫСЛИТЕЛЯ

**В этом году весь мир отмечает 1150-летний юбилей великого мыслителя человечества Абу Насра аль-Фараби. Наш университет в связи с этим знаменательным событием будет в центре внимания общественности – КазНУ имени аль-Фараби – единственный вуз в мире, который достойно носит имя великого ученого. В этом году университету исполняется 86 лет со дня основания.**




Открытие первого университета Казахстана состоялось 15 января 1934 года. За минувшие десятилетия вуз прошел славный путь и сегодня продолжает вносить огромный вклад в развитие социально-политической и экономической жизни, став оплотом всей системы высшего образования страны. КазНУ достойно представляет Казахстан в международном научно-образовательном пространстве и по праву считается одним из мировых лидеров высшей школы. Так, в международном рейтинге QS, КазНУ в настоящее время занимает 207-е место.

КазНУ одним из первых реализовал модель цифрового университета. Это достижение было высоко оценено компанией Microsoft, которая сняла специальный фильм о нашей передовой практике. Сегодня университет работает над созданием ITтехнопарка Альянса университетов «Шелкового пути». Он открывает новые перспективы для развития информационных технологий мирового класса, объединяя более 130 университетов по всему миру.

Крупнейшие мировые технологические корпорации как Microsoft, Cisco, Hewlett-Packard, Konica-Minolta, Fujitsu, Samsung, «Лаборатория Касперского», Alcatel, Huawei, Intel, открыв в КазНУ свои учебные и научно-исследовательские центры, участвуют в образовательной и исследовательской деятельности вуза.

Следует отметить, что именно КазНУ принадлежит идея празднования юбилея Аль-Фараби, озвученная во время открытия секции «Аль-Фараби – философ цивилизаций» на VII Глобальном форуме Альянса Цивилизаций ООН в 2016 году. Юбилейные мероприятия стартуют с церемонии открытия и продолжатся значимыми и яркими проектами, в числе которых: создание на базе КазНУ Международного центра фарабиеведов; презентация «Центра Аль-Фараби»; международная экспедиция «По следам Абу Насра аль-Фараби»; научная конференция с участием зарубежных ученых-фарабиеведов и др.

Таким образом, пропагандируя наследие великой личности мирового масштаба, КазНУ культивирует идею о Казахстане как о колыбели цивилизации, повышая имидж нации и государства.

**Соб. корр.**

# ОРТАҚ МАҚСАТ

**Жидда қаласында Ислам ынтымақтастығы ұйымының (ИЫҰ) штаб-пәтерінде Сауд Арабиясы Корольдігіндегі ҚР Елшісі Берік Арын, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов және ҚазҰАУ ректоры Тілектес Есполов ИЫҰ Бас хатшысының орынбасары Ахмед Сеньомомен, сонымен бірге ғылым және технологиялар департаментінің бас директоры Ирфан Шаукатпен бас қосты. Кездесуде әріптестікті дамыту, сондай-ақ білім беру, ғылым және технология салаларында Қазақстанның бастамаларын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.**

Қазақстан астанасында 2017 жылы ИЫҰ-ның Ғылым және технологиялар жөніндегі бірінші саммиті өтті, онда Тұңғыш Президент Н. Назарбаев ИЫҰ-15 диалог платформасын құру идеясын ұсынды. Ол ғылыми-техникалық прогресті жаңғырту және одан әрі дамыту, ислам әлеміндегі маңызды экономикалық мәселелерді шешу мақсатында 15 жетекші мұсылман елін біріктіреді.

Қазақстандық делегацияны құрметпен қарсы алып, А. Сеньомо ислам әлемінің жетекші университеті ҚазҰУ былтыр Алматыда сәтті өткізілген маңызды оқиға - Елбасы Н. Назарбаевтың «ИЫҰ-15 диалог платформасы» бастамасын іске асыру жөніндегі алғашқы отырысының бірлескен ұйымдастырушыларының бірі болғанын атап өтті.

**Жалғасы 2-бетте**

# БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ БАҒДАРЫ

**Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру мен қазіргі заманғы технологияларды меңгеруді қажет етеді. Осы тұрғыда кезекті ректорат жиыны 2019-2020 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының қорытындыларын талқылаудан басталды.**

«Бүгінде дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Болашақ білікті маман даярлайтын оқу орны ретінде біздің басты міндетіміздің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту, яғни оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығы болып табылады. Құзіреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Осы ретте біз қысқы емтихан сессиясының қорытындыларын шығардық.

**Жалғасы 2-бетте**


**ҰСТАЗ ҰЛАҒАТТЫ ҰҒЫМ**

2-бет



**КЕМЕЛ ҚОҒАМ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?**

4-бет



**ВКУС СПОРТИВНЫЙ ПОБЕД**

7-стр.



# ОРТАҚ МАҚСАТ

**Жалғасы. Басы 1-бетте**



Бас хатшының орынбасары ИЫҰ-дың ғылым мен технологияларды дамыту бойынша серіктес және базалық университет болып табылатын ҚазҰУ мұсылман елдерінде ғылымды, техника мен инновацияларды дамытуға кедергі келтіретін мәселелерді еңсеру жолдарын іздестіру, сондай-ақ ғылыми интеграция сұрақтарды шешуге бағытталған Қазақстан Тұңғыш Президентінің бастамасын ілгерілету бойынша өз миссиясын тиімді жүзеге асыруда екендігін жеткізді.

ИЫҰ өкілдері жаңа буын ЖОО үлгісі - Әл-Фарабидің қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру идеялары негізінде ҚазҰУ-да әзірленіп, БҰҰ штаб-пәтерінде таныстырылған «Университет 4.0» моделіне үлкен қызығушылық танытты. Кездесу барысында ғылым және инновация салаларында ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндіктері, соның ішінде ҚазҰУ-да «Жібек жолы университеттерінің Альянсы» халықаралық IT-кластері мен әлем университеттерінің жаңа технологиялар саласындағы платформасы болатын заманауи әл-Фараби ғылыми-технологиялық алқабын құру мәселелері талқыланды.

Қазақстандық жетекші университеттің ректоры академик Ғалым Мұтанов халықаралық көлемде жоспарланып отырған өркениеттің ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған ауқымды іс-шаралар туралы хабардар етіп, ИЫҰ басшылығын өткізілетін мерейтойлық шараларға қатысуға шақырды.

Өз кезегінде академик Т.И. Есполов ҚазҰАУ қызметі мен жетістіктері, ауыл шаруашылығы саласындағы зерттеулері, азық-түлік қауіпсіздігі мен су ресурстарының тапшылығы туралы егжей-тегжейлі баяндап берді. Ол азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының қызметі аясында ИЫҰ-мен ынтымақтастыққа дайын екенін жеткізді.

Ғылым және технологиялар департаментінің бас директоры Ирфан Шаукат конструктивті ұсыныстар үшін алғысын білдіріп, білім ордаларының ғылыми-зерттеу және инновациялық әлеуетінінің жоғары деңгейін атап өтті. ҚазҰУ-дың озық тәжірибесін ескере отырып, ислам әлемінің жоғары оқу орындарын халықаралық рейтингтерде ілгерілетуді бірлесіп үйлестіруге ерекше қызығушылық білдірді.

Ол ҚазҰУ-ға ИЫҰ қамқорлығындағы Ислам әлемі университеттерінің ғылыми-білім беру ынтымақтастығы желісіне басшылық етуді ұсынды.

Конструктивті диалог Король Абдалла атындағы Ғылыми-технологиялық университетінде де (ҒТУ) жалғасын тапты. Университет ректоры доктор Тони Чан қызмет бағыттары мен жүргізіліп жатқан зерттеулерге толығырақ тоқталып, қазақстандық қонақтарды заманауи жабдықталған әлемдегі үздік ЖОО-ның бірі болып табылатын университеттің оқу базасы мен зертханаларымен таныстырды.

Кездесу барысында тараптар білім, ғылым және инновация салаларындағы екі жақты өзара тиімді серіктестікті дамытуға әзір екендіктерін білдірді. Ректор Т. Чан атап өткендей, Король Абдалла атындағы ҒТУ қазақстандық жетекші ЖОО-мен ынтымақтастықты орнатуға, ғылым мен жаңа технологиялардың басым бағыттары бойынша бірлескен зерттеу жұмыстарын жүзеге асырып, академиялық ұтқырлық пен қос дипломды білім бағдарламаларын дамытуға мүдделі.

ҒТУ-ға сапары барысында қазақстандық делегация осы университетте білім алып жатқан еліміздің студенттерімен кездесті. Қазіргі таңда бұл жоғары оқу орнында магистратура, докторантура және постдокторантура сатысында Қазақстаннан келген жалпы 40-қа жуық білім алушы бар.

**Өз тілшімізден**

РЕКТОРАТ

# БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ БАҒДАРЫ

**Жалғасы. Басы 1-бетте**

Биылғы қысқы аралық бақылауға 20 мыңнан астам тәлімгерлер қатысып, өз білім деңгейлерін көрсетті», – дейді оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Хикметов.

Кезекте ҚазҰУ оқытушыларымен бірлесе жарияланған ғылыми материалдар санына тоқталған биотехнология кафедрасының меңгерушісі Аида Қыстаубаева ОПҚ халықаралық жобалар мен байқауларға мейлінше көптеп қатысуын қамтамасыз ету аясында жұмыстар жасау қажеттілігін алға тартты. «Алдағы уақытта кафедра оқытушылары шетелде біліктілігін арттыру үшін арнайы іс-тәжірибеден өтетін болады. Бұл өз кезегінде университет мәртебесін арттырады және оқытушылар мен студенттердің ғылымға деген қызығушылығын оятады. Бүгінде АҚШ, Оңтүстік, Шығыс Азия және Еуропа елдерімен ортақтасып ғылыммен айналысуға арнайы шақыртулар жібертіліп, ортақ ғылыми-жобалар қолға алынды», - деді кафедра меңгерушісі.

Сондай-ақ мәжіліс барысында білім беру жобалары мен бағдарламаларды қаржыландыру көлемі, қосдипломды бағдарлама бойынша білім алушылар, шетелдік мамандарды шақыру, биылғы жылғы ғылыми жарияланымдар, халықаралық ғылыми конференциялар, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметі, халықаралық ынтымақтастық келісімдер саны мен осы сынды басқа да бағыттардың пайыздық көрсеткіштері кеңінен талқыға түсті.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# ҰСТАЗ ҰЛАҒАТТЫ ҰҒЫМ



**Тарих, археология және этнология факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Мұрат Бақтиярұлымен кездесу өтті.**

Кездесу барысында тарих, археология және этнология факультетінің 1986 жылғы түлегі М.Бақтиярұлы қоғамдағы өзекті мәселелерді ортаға салып, өзіндік ұсыныстары мен пікірлерімен бөлісті.

Жаһандық ғаламда «адам капиталы» расымен өзекті мәселе, әрі мемлекет үшін аса маңызды ресурс болып табылатыны сөзсіз. Мемлекет жастарының білімді әрі саналы болуы – ел ертеңінің бұлтартпас кең көкжиегі іспеттес. Мұрат Бақтиярұлы өз сөзінде: «Адам капиталын тәрбиелейтін – мұғалімдер, демек білімді жас буынның сапалы білімі білікті мұғалімдер мен ғалым-оқытушыларға тікелей байланысты. Сондықтан қоғамдық өмірдегі «Мұғалімдердің мәртебесін көтеру» мәселесі бүгінде басшылық тарапынан жіті қадағаланып, сұрыпталып отыр» – деді төраға.

Кездесудің нәтижесінде М.Бақтиярұлы басқару аппаратының басты қызметтерімен, Сенат басқару тетігінің негізгі міндетін, қоғамдағы түйінді мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға шолу жасап, басты дамудың негізі «адам капиталының» прогрессивті түрде ілгері дамуы болып саналатындығын, ал оған бастар кемел жол – білімде екенін жастарға насихат ретінде айтты. Сондай-ақ шара соңында Қазақ хандары туралы зерттеулер кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

**Өз тілшімізден**

KAZNU.KZ

**Jıdda qalasynda Islam yntymaqtastyǵy uıymynyń (IYU) shtab-páterinde Saýd Arabıasy Koróldigindegi QR Elshisi Berik Aryn, ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ rektory Ǵalym Mutanov jáne QazUAÝ rektory Tilektes Espolov IYU Bas hatshysynyń orynbasary Ahmed Senomomen, sonymen birge ǵylym jáne tehnologıalar departamentiniń bas dırektory Irfan Shaýkatpen bas qosty. Kezdesýde áriptestikti damytý, sondaı-aq bilim berý, ǵylym jáne tehnologıa salalarynda Qazaqstannyń bastamalaryn júzege asyrý máseleleri talqylandy.**

Qazaqstan astanasynda 2017 jyly IYU-nyń Ǵylym jáne tehnologıalar jónindegi birinshi samıti ótti, onda Tuńǵysh Prezıdent N. Nazarbaev IYU-15 dıalog platformasyn qurý ıdeıasyn usyndy. Ol ǵylymı-tehnıkalyq progresti jańǵyrtý jáne odan ári damytý, ıslam álemindegi mańyzdy ekonomıkalyq máselelerdi sheshý maqsatynda 15 jetekshi musylman elin biriktiredi.

Qazaqstandyq delegasıany qurmetpen qarsy alyp, A. Senomo ıslam áleminiń jetekshi ýnıversıteti QazUÝ byltyr Almatyda sátti ótkizilgen mańyzdy oqıǵa - Elbasy N. Nazarbaevtyń «IYU-15 dıalog platformasy» bastamasyn iske asyrý jónindegi alǵashqy otyrysynyń birlesken uıymdastyrýshylarynyń biri bolǵanyn atap ótti. Bas hatshynyń orynbasary IYU-dyń ǵylym men tehnologıalardy damytý boıynsha seriktes jáne bazalyq ýnıversıtet bolyp tabylatyn QazUÝ musylman elderinde ǵylymdy, tehnıka men ınovasıalardy damytýǵa kedergi keltiretin máselelerdi eńserý joldaryn izdestirý, sondaı-aq ǵylymı ıntegrasıa suraqtardy sheshýge baǵyttalǵan Qazaqstan Tuńǵysh Prezıdentiniń bastamasyn ilgeriletý boıynsha óz mısıasyn tıimdi júzege asyrýda ekendigin jetkizdi

Kezdesý barysynda taraptar bilim, ǵylym jáne ınovasıa salalaryndaǵy eki jaqty ózara tıimdi seriktestikti damytýǵa ázir ekendikterin bildirdi. Rektor T. Chan atap ótkendeı, Koról Abdalla atyndaǵy ǴTÝ qazaqstandyq jetekshi JOO-men yntymaqtastyqty ornatýǵa, ǵylym men jańa tehnologıalardyń basym baǵyttary boıynsha birlesken zertteý jumystaryn júzege asyryp, akademıalyq utqyrlyq pen qos dıplomdy bilim baǵdarlamalaryn damytýǵa múddeli.

ǴTÝ-ǵa sapary barysynda qazaqstandyq delegasıa osy ýnıversıtette bilim alyp jatqan elimizdiń stýdentterimen kezdesti. Qazirgi tańda bul joǵary oqý ornynda magıstratýra, doktorantýra jáne postdoktorantýra satysynda Qazaqstannan kelgen jalpy 40-qa jýyq bilim alýshy bar.

***

**Shyǵystaný fakúltetiniń Qıyr Shyǵys kafedrasy bıylǵy qysqy mektep kezinde Tokıo ýnıversıtetinen kelgen qonaqtardy qarsy alyp, keń aýqymdy baǵdarlamalar men semınarlar uıymdastyrdy.**

Qysqy mektepke arnaıy kelgen delegasıa quramynda Tokıo ýnıversıtetiniń (The University of Tokyo) profesory Tonomýra Masarý jáne profesor Okada Terýe basqarǵan bir top magıstranttar men doktoranttar bar. Stýdentter arasynda ótkizilgen «Multiculturalism in Japan» atty ǵylymı semınar óte mazmundy boldy. Japon stýdentteriniń ǵylymı izdenisterimen tanystyrýy úlken qyzyǵýshylyq týǵyzdy. Tolyqqandy talqylaý barysynda eki tarap jan-jaqty pikir almasty.

Qıyr Shyǵys kafedrasy japontaný jáne káristaný bóliminen turatyndyqtan, bul eki baǵyttyń damýyna qatty kóńil bóledi. Profesor Tonomýra káris halqynyń tili, mádenıet erekshelikterin zertteýge uzaq jyldaryn arnaǵan. Qazirgi kezde ol Japonıada turatyn koreılerdi zertteýmen aınalysady. Ol káris jáne japon tilderin jetik biledi, sondyqtan ol stýdenttermen jáne kafedranyń oqytýshy quramymen eki tilde pikir almasty.

Shara sońynda delegasıa quramy QazUÝ kampýsymen tanysyp, «Koró ılbo» redaksıasy, Qazaqstan Koreıleri qaýymdastyǵy jáne basqa da mekemelerde boldy.

## ҚазҰУ-да Жаһандық көші-қон кинофестивалі өтті

# НЕЗАМЕНИМЫЙ «ПАРАГРАФ»

**Информационная система «Параграф» будет использоваться в КазНУ им. аль-Фараби для подготовки специалистов. На заседании Ученого совета ректор ведущего университета страны академик Галым Мутанов и генеральный директор компании «ИнфоТехСервис» Маргарита Шмидт подписали меморандум о сотрудничестве.**



Приветствуя гостей, ректор Г.Мутанов отметил, что внедрение современных цифровых технологий в образовательный процесс является важной составляющей в деятельности университета. Партнёрство с компанией «ИнфоТехСервис», которая предоставляет безвозмездно доступ к ресурсам информационной системы (ИС) «Параграф», открывает новые возможности для студентов и преподавателей КазНУ. Это хороший пример коллоборации вуза и бизнеса в подготовке высококвалифицированных специалистов. Таким образом, компания вносит свой реальный вклад в развитие высшего образования страны.

В настоящее время к уровню подготовки специалистов предъявляются высокие требования. Выпускники вузов должны уметь на практике применять полученные теоретические знания и профессиональные компетенции, в том числе используя современные технологии и источники информации, как необходимые инструменты эффективной реализации своей трудовой деятельности. Такие возможности предоставляет ИС «Параграф», в которой собраны все нормативные правовые акты Республики Казахстан, а также стран ближнего зарубежья. Ее использование обеспечивает доступ к широкому спектру практико-применительной, разъяснительной и научной информации, опыту ведущих экспертов и специалистов в сфере права.

«Несомненно, использование информационной системы «Параграф» позволит повысить уровень подготовки студентов, молодых ученых и преподавателей, даст им возможность быть в курсе последних изменений в законодательстве страны, более эффективно проводить исследования по многим направлениям в области права», - считает декан юридического факультета КазНУ, д.ю.н., профессор Даулет Байдельдинов.

Как отметил генеральный директор компании «ЮрИнфо»» Михаил Коломин, особенность ИС «Параграф» в ее многофункциональности. В нее включена не только законодательная база, но и полная, актуальная и достоверная правовая информация, материал необходимый для обучения и повышения квалификации, экспертные мнения известных ученых юристов.

Стороны договорились, что в рамках соглашения информационная система «Параграф» будет использоваться как дискуссионная площадка, а также для публикации материалов научных конференций, организации и проведения практики и стажировок студентов и преподавателей, консультаций известных ученых юристов.

**Соб. корр.**

**ҚазҰУ-да жоғары оқу орындарының тәрбие жұмысының өзекті мәселелері қазақстандық ЖОО-ның проректорлары кеңесінде талқыланды.**

# ЖАҢА ТӘРБИЕ СТРАТЕГИЯСЫ

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін жаңғырту және цифрландыру жағдайында тәрбие жұмысына үлкен көңіл бөлінеді. Әрбір жоғары оқу орнында заманауи, білімді, адамгершілік және іскер жаңа буын адамды қалыптастыруға бағытталған кең ауқымды жұмыс жүргізілуде.

ҚазҰУ-да тәрбие жұмысы мәселелеріне арналған жұмыс кеңесінде республиканың әр аймағынан келген қазақстандық жетекші ЖОО-ның проректорлары мен өкілдері жиналды. Бағдарлама бойынша олар университеттің мұражайын аралап, парасаттылық мектебі мен ситуациялық басқару орталығымен танысты.

Кездесуде ЖОО-ның проректорлары тәрбие жұмысының стратегиясын, педагогикалық қызметтің сапасын арттыруға бағытталған әрі іске асырылып жатқан жобалар мен жұмыстар туралы баяндап берді.

Қазіргі уақытта күн тәртібінде жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мәселесі өткір тұр.

Жұмыс кеңесі Sanaly Urpaq республикалық жобалау кеңсесінің басшысы Қайыржан Токушевтің баяндамасынан басталды, онда спикер ЖОО басшылығы өкілдерінің назарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты енгізу және мониторинг жүргізу, тәуекелдерге жүйелі жұмыс жүргізу және ішкі талдау жүргізу қажеттілігіне аударды.

ҚазҰУ-дың әлеуметтік мәселелер және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаеваның сөз сөйлеуі қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды. Спикер өз баяндамасында қазіргі уақытта «Университет 4.0» жаңа буын моделіне көшуді жүзеге асыратын еліміздің жетекші ЖОО-ның тәрбие жұмысының стратегиясы туралы айтты.

«Бұл модель жоғары технологиялық және рухани-адамгершілік платформасын дамытудың симбиозына негізделген және білім беру, зерттеу, инновациялық-кәсіпкерлік және рухани-адамгершілік сияқты төрт миссияны жүзеге асыруды біріктіреді», – деп атап өтті Шолпан Ерболқызы.

Кеңес қатысушылары ҚазҰУ-да «парасаттылық мектебін» басқаратын Қарлығаш Үсеінованың презентациясына назар аударды. Спикер жас буынға жоғары адамгершілік нормаларды: парасаттылық, әділдік, адалдық, заңдылық және кәсіпқойлықты тәрбиелеу мақсатында қарқынды, шығармашылық атмосфераның, ұжымдық және жеке оқыту нысандарының рөлін атап өтті.

**Баспасөз қызметі**



**Круглый стол на тему «Роль НПО в становлении гражданского общества РК» прошел в КазНУ им.аль-Фараби. На мероприятии, приуроченном ко Дню независимости РК, студенты смогли ознакомиться с работой, практикой и опытом ведущих неправительственных организаций г. Алматы.**

# Роль НПО в гражданском обществе



Организаторами круглого стола выступила ОО «Ассоциация выпускников «Мурагер» КазНУ им. аль-Фараби» при поддержке деканата факультета философии и политологии, с участием представителей неправительственных организаций (НПО) г.Алматы, преподавателей и студентов университета. Мероприятие проводилось с целью ознакомления обучающейся молодежи с работой, практикой и опытом ведущих НПО г. Алматы.

В работе круглого стола приняли участие представители: ОО «Общество поддержки и содействия правоохранительным органам в борьбе с экономическими и административными правонарушениями», ОФ «Парасат-Инфо», ОФ «Nurly baqdar», Координационный совет «Казачьих, русских и славянских организаций», а также ОО «Atajurt eriktileri».

В приветственном выступлении представитель ОО «Ассоциации выпускников «Мурагер» КазНУ им. аль-Фараби Усенов Г.А. подчеркнул, что 2020-й год год будет юбилейным для выдающегося мыслителя средневековья аль-Фараби, чье имя носит университет. «Труды великого философа остаются актуальными и сегодня, – сказал спикер. – Особенно ценны его социально-этические взгляды, изложенные в трактате «Взгляды жителей добродетельного города». И миссия «Ассоциации выпускников «Мурагер» КазНУ им. аль-Фараби заключается в том, чтобы донести и реализовать эти идеи в нашем городе».

На встрече представители различных НПО делились опытом реализации проектов с целью сохранения межэтнических и межконфессиональных отношений в нашей стране. Профессор Ш.М. Надыров, являющийся одним из учредителей ОФ «Парасат-Инфо», проинформировал собравшихся о пространственно-экологических проблемах нашего города и о перспективах создания смарт-города.

Эксперт по правовым вопросам профессор Р.А. Подопригора рассказал о проблемах, связанных с защитой прав социально-уязвимых слоев населения в сфере образования и здравоохранения.

Участники встречи узнали о том, что «Общество поддержки и содействия правоохранительным органам в борьбе с экономическими и административными правонарушениями» проводит большую работу по трудоустройству социально-незащищенных слоев населения, борьбе с коррупцией в сфере госзакупок, решаются проблемы, связанные с благоустройством нашего города.

Далее состоялась оживленная дискуссия с участием студентов КазНУ им. аль-Фараби и представителей НПО с обсуждением вопросов, которые волнуют сегодняшнее подрастающее поколение. По результатам круглого стола были озвучены предложения и пожелания по работе неправительственных организаций г.Алматы.

**Галымжан УСЕНОВ,**
**Гаухар АБДРАСИЛОВА**

**ҚазҰУ-да Әл-Фараби орталығының тұсаукесері өтеді**

**Әлемдік мәдениет пен өркениетте елеулі із қалдырған ортағасырлық исламдық Ренессанс дәуірінің ұлы ғалымы, «Екінші Ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің дана ой маржандары (геммалары) өз өзектілігін жоғалтқан емес. Энциклопедист ғалым ретінде Тұраннан шыққан біртуар ғұлама өз идеяларымен дүниежүзілік философияны, этиканы, логиканы, музыка теориясын, математиканы, дін, мемлекет және құқық теориясын байытты.**

# Кемел қоғам қандай болуы керек?



Белгілі фарабитанушы, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ЖҒА академигі А.Х. Қасымжанов (1931-2000 жж.): «Әл-Фараби біз үшін ең алдымен ...адам өмірі идеалының өнегелік анықтамасының іргетасына бір түйіршік өзіндік негіздемесін енгізгендігімен қымбат. Адамның кемелденуге қол жеткізуіне ықпал етуге деген ұмтылыс ойшылдың бүкіл мұрасының өзегінен өтеді. Сондықтан біз бұл мұраны ескірген деп қабылдай алмаймыз»,–деп орынды атап өткен болатын.

Фарабитануға деген қызығушылық бүгінгі күнге дейін алыс шет елдерде де сарқылмай отыр: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушылар делегациясы Мысыр университеттеріне, оның ішінде атақты әл-Азхар мен Мысыр университетіне барып қайтты. Шығыстанушылардың үлкен қуанышына орай олар Ніл өзенінің жағалауынан құнды сыйлықтар әкелді, атап айтқанда: әл-Фараби туралы зерттеулердің каталогтары мен электронды көшірмелері. Қазіргі уақытта көпшілігі арабтың өрме жазуымен жазылған дереккөздерді жүйелендіру үдерісі жүріп жатыр.

Антикалық және ортағасырлық философтардың көптеген қағидалары қазір саясаттану бойынша оқулық ретінде оқылады, әрине, цифрлық заман түзетулерімен. Саясат – кішігірім цензі бар және барлық азаматтардың мүддесі үшін мемлекет басқаратын «орташа» адамдардың көпшілігінің қолындағы билік. Толық азаматтардың санынан Аристотель, мысалы, кәсіпшілер мен саудагерлерді алып тастайды, өйткені ол адамдардың өмір салты ізгілікті дамытуға ықпал етпейді, ал бақытты өмір деп адамгершілікке сай өмір сүру саналады. Жерге иелік етуді ұйымдастыру, оның пікірінше, азаматтарға өз меншігін басқа азаматтарға пайдалануға ұсынуды қамтамасыз етуі тиіс.

Мінсіз жабық мемлекеттің қатаң үлгісін құрастырған Платон да, мемлекет құрылуы мен адам жетілуінің мәселелерін нақты және практикалық тұрғыдан қарастыратын Аристотель де Әбу Насыр әл-Фарабиді қызықтырып, бұл ойшылдардың идеяларын талдауға арналған материал ретінде ғана емес, сонымен қатар қайырымды қаланың өз тұжырымдамасын құру үшін пайдаланды.

Макиавеллидің танымал жұмыстары еуропалық қоғамдастықтардың тағдыры туралы дискурстарға негізделген сияқты Ұлы Даланың тумасы әл-Фарабидің ілімі де Азиядағы саясаттың дамуының заманауи трендтерін біліп тануда көпір болып табылады. Әл-Фарабидің Кеңес дәуірінде аударылған еңбектері, сөзсіз, мұқият тексерілуі керек, себебі ойшыл халифатта өмір сүріп, ислам дінін ұстанды. Мәселен, егер Фараби қайырымды қала-мемлекеттің билеушісі бір уақытта имам да болуы керек деп жазса, бұл сөзбе-сөз қабылданбауы керек. Бұл жерде билеушінің бойында үйлесімді болуға тиіс ниетінің, жаны мен тәнінің тазалығы туралы айтылады.

Әл-Фарабидің даңқы мұсылман әлемінде және одан тыс жерлерде кеңінен танымал болған «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы», «Мемлекеттік қайраткердің афоризмдері» атты еңбектерімен шыққаны белгілі.

Қызметінің сириялық кезеңінде ол өзінің әлеуметтік-саяси көзқарастарын «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатта» жүйеледі. Әл-Фарабидің қайырымды қала туралы ілімі платонизм ұстанымдарында құрылған. Сол заманның басқа да ерекше идеялары сияқты әл-Фарабидің саяси тұжырымдамалары ислам халифатының болмыс-шындықтарын басшылыққа алатын қолданыстағы теориялық канондарға онша сәйкес келмеді.

Аристотельдің пікірінше, «дұрыс» мемлекеттік басқару түрлері–монархия, аристократия, саясат; дұрыс емес түрлері –тирания, олигархия, демократия. Монархия жалпының игілігін ойлайтын бір тұлғаның билігі болып табылады, ал тирания – өзінің пайдасын басшылық ететін бір тұлғаның билігі. Аристократия –бұл барлық азаматтардың мүдделеріне орай жүзеге асырылатын аз, бірақ ең игі жақсылардың билігі, ал, олигархия, керісінше – өз пайдасын ойлайтын бірнеше ауқатты азаматтардың басқару үлгісі. Егер саясат белгілі бір ценз және жалпының игілігін ойлауы негізінде таңдалынған көпшіліктің билігі болса, онда демократия, Аристотельдің ойынша–көпшіліктің, кедейдің, осы көпшіліктің мүддесінде билік етуі.

Бұл тұста қоғамдық санаға жүгіну, сену деген ерекшелікті атап өту керек. Әл-Фарабидің «Азаматтық саясаты» Платонның ислам дүниетанымы аясындағы ойларын дамытып, пайымдайды, ал қоғам құрылымының әділеттілігін азаматтардың тәрбиесімен байланыстырады.

Әл-Фараби: «Әр адам жаратылысы бойынша өзінің өмір сүруі және аса кемелдікке жетуі үшін жалғыз өзі қол жеткізе алмайтын және мұқтаж заттар жиынтығынан бір-бірлеп жеткізіп отыратын белгілі бір адамдар қауымдастығына мұқтаж болады»,–деп бекер айтпаған.

Әл-Фарабидің қоғамның мінсіз үлгісінің тағы бір ерекшелігі–геосаяси астар. Ол, Аристотель сияқты, саясатты географиямен байланыстырып, оны табиғи-географиялық компонентті қана емес, сондай-ақ кеңістіктік-аумақтық факторларды да қамтитын аумақтық аспектімен толықтырады. Мысалы, әл-Фараби түсінігінде адамзат қоғамы бұл–«бір тұрғылықты жерде көптеген адамдардың бірігуі», бұл аталған факторлардың жиынтық әсерінің нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Қазіргі түсіндірмеде бұл постулатты ұлттық сәйкестендіру дегенге жатқызамыз. Халық дәстүрлері мен этиканы білу және құрметтеу болашақтағы дамудың стратегиясы мен басымдықтарын анықтауда маңызды.

Әл-Фараби адамзатты бір-бірінен табиғи сипатымен, табиғи ерекшеліктерімен (мінезімен) және адам мінезіне негізделген, табиғи заттарға да қатысы бар тіл, сөйлеу сияқты сипатпен ерекшеленетін жекелеген халықтарға бөледі. Осылайша, әл-Фараби этногенез негізіне табиғи-жаратылыс жағдайларын (халықтардың мінез-сипаты мен тілі) жатқызады, олар өз кезегінде географиялық факторлармен қалыптасады. Және бұған Орталық Азия мен іргелес аумақтардың, Оңтүстік Азия мен Қиыр Шығыстың тарихында із қалдырған бұрынғы әулеттердің шежіресін қарай отырып, келісуге тура келеді.

Әл-Фараби қоғамдастықтар өмірінің функционалдық толықтығына назар аудара отырып, оларды нақты бөледі. Қалалық қауымдастықты («қала және қоғам») Фараби тұрғындар өздері анықтайтын келесі белгілерге сәйкес жіктеді:

– мақсаты «тіршілік ету және денені қорғау үшін барлық қажеттілікті табуда өзара көмектесу болып табылатын «қала мен қажеттілік қоғамы»;

– «қала мен алмасу қоғамы – ауқаттылық пен байлыққа қол жеткізуде бір-біріне көмектесетіндер (тұрғындар)»;

– «қала мен ұждансыздық қоғамы – тұрғындары сезімдік ләззат алуға бір-біріне көмектесетіндер ...».

Әл-Фараби Аристотель сияқты үздік қала деп «ұжымдық қаланы», яғни әрбір тұрғыны қалағанын істеуге толықтай ерікті болатын қаланы санаған. Онда тұрғындардың еркі бойынша басқаратын билеушілерді тұрғындардың өзі сайлайды. Идеал қаланың утопия екендігі туралы пікірлер бар және осы мағынада әл-Фараби ілімінің ағылшын жазушысы және заңгері Томас Мордың «Утопия» және итальяндық философ, теолог және жазушы Томмасо Кампанелланың «Күн қаласы» деген кітаптарымен қатар ерекше орны бар.

Әл-Фарабидің философиясы басты мәселе–адам және оның проблемаларына баса назар аударады. Осыған сүйене отырып, әл-Фараби қоғамды сапалы және сандық сипаттамаларға сәйкес бөледі: қала – кішігірім қоғам, қала – орташа қоғам, адамзат - үлкен қоғам; және толық емес - отбасы, ауыл, қалалық квартал. Адамдар қоғамының кемелге жетуі адамдардың өзара бірлесуі арқылы болады.

Әл-Фараби қоғамының құрылымын Ғаламның құрылымы мен адамның биологиялық құрамдастарына ұқсатады. Билеушінің функциялары денені емдейтін дәрігерге ұқсас, тек билеуші тәнді емес, жанды емдейді. Әл-Фараби қажеттіліктер, жинақтар және еңбекті бөлу туралы жиі айтса да, оның қоғам – адамның рухани бірлестігі екендігі туралы ойы үйлесімді.

Әл-Фарабидің саяси көзқарастары оның «қайырымды» және «надан» қалаларды келесідей жіктеуінен көрінеді: 1) қайырымды қала; 2) надан қала; 3) азғын қала; 4) адасқан қала (соңғы екеуінің арасында, ортасы ретінде «өзгергіш қала» аталады).

Қайырымды қала – сөзсіз идеал. Надан қала – бұл шындық, бірақ, әл-Фарабидің пікірі бойынша, егер ағартумен, білім берумен айналысса, кемеңгер билеушіні тапса, жақсаруына үміт бар қала. Надан қалалардың арасында да әл-Фараби артық көретін қалалар бар, өйткені мұнда оларды ізгілік жолына түсіру мүмкіндіктері жоғалмаған: «... қайырымды қалалар мен қайырымды басшылардың қалыптасуы қажеттілік қалалары мен ұжымдық қалаларда мүмкін және оңай жүзеге асады».

Философ қоғамдастықтардың жіктелуін жасаған кезде қиялы жақсы болған және өмірді жақсы білген. Надан қалада, әл-Фарабидің айтуынша, тұрғындар ешқашан жоғары рухани кемелдік саналатын бақытқа ұмтылмайды. Надан қаланың тұрғындары, мүмкін болатын барлық игіліктер ішінен тек үстіртін қарағанда ғана игілік болып көрінетін тән саулығын, байлықты, рахаттануды, құмарлыққа берілу еркін, сый-сияпат пен ұлықтауды біледі. Бұл игіліктердің әрқайсысы надан қаланың тұрғындары үшін бақыт болып көрінеді, ал ең үлкен бақыт – бұл барлық игіліктердің бірлесуінде. Бұған қарама-қарсы бақытсыздықтар жатады: дененің аурулары, кедейшілік, рахаттардың болмауы, өз құмарлықтарына берілудің және сый-сияпаттың болмауы.

Қажеттіліктер қаласында тұрғындар денеге тіршілік ету үшін қажет азық-түлік, сусын, киім, физиологиялық іс-әрекеттер сияқты нәрселермен және оған жету үшін бір-біріне көмек көрсетумен ғана шектеледі.

Алмасу қаласының тұрғындары ауқаттылық пен байлыққа жету үшін бір-біріне көмектесіп, соны өмірдің мақсаты санайды.

Ұждансыздық пен бақытсыздық қаласында адамдар өздерінің сезімдері мен қиялдарына әсер ететін ләззаттарды ғана бағалайды, көңілді көтеруге тырысады және ойын-сауықтардың түр-түрін ермек етеді.

Даңғой қаланың тұрғындары бір-біріне көмектеседі, бірақ тек құрметке бөлену үшін, оларды басқа халықтар біліп, мадақтап, сөзбен де, ісімен де даңқын арттыруы үшін, бір-бірінің алдында болсын, жұрттың алдында болсын, әйтеуір керемет болып көріну үшін.

Биліккұмар қаланың тұрғындары өзгелерді бағындырып алуға ұмтылады, өздері ешкімге бағынғысы келмейді; олардың күш-жігері жеңіс сыйлайтын қуанышқа жетуге бағытталған.

Ләззатқұмар қалада тұрғындар әрқайсысы өз қалағанын ештеңемен тежемей істегенге ұмтылады.

> «Бүкіл мұсылман шығысының аса ұлы ойшылы әл-Фараби өзінен бұрынғылар тек шет пұшпақтап айналасқан көп мәселелер бойынша аса зор жұмыс тындырды. Бұл кемеңгер адам грек философиясының ең терең қырларына дейін бойлап, байыбына жетті. Сондықтан да Шығыста философияны ғылыми зерттеуді шын мәнінде бастаушы кім дегенде, басқа ешкім де емес, тек соның есімі аталуы керек».
>
> **А. МЮЛЛЕР,**
> **немістің Шығыс зерттеушісі**

**Жақыпбек АЛТАЕВ,**
*философия кафедрасының профессоры, филос. ғ.д., Фарабитанушы*

*Жалғасы газетіміздің келесі нөміріне жарияланады*



**В библиотке КазНУ состоится вручение государственной стипендии Елбасы в области культуры**

# Аңыз адам

**Табиғат құбылысы сияқты адамзат баласы ғұмыр кешетін дәуірлер мен замандар мінезі де әрқилы. Оның ақтүтек бораны мен қақаған қара суығы да, мамыражай рахат кездері де болады. Осы ретте бүгінгі ұрпақтың санасының азат, ойының еркін болып қалыптасуы Егемен еліміздің ертеңіне сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Тарих жолы – ауыр жол.**



Өткен тарихымызға шынайы жауапкершілікпен қарайтын болсақ, дербес мемлекет болып қалыптасу бізге оңайға соққан жоқ. Ел азаттығы, ұрпақ дербестігі жолында талай тарланның тақымында тер кеппегендігі де белгілі.

Жекелеген тұлғалар мемлекеттің іргетасын қаласа, енді бірі оны заңдастыруға, дүние жүзіне мойындатуға көп күш салды. Сондай тұлғалардың бірі әрі бірегей заң ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым Академиясының академигі – Сұлтан Сартайұлы Сартаев болатын.

Сұлтан Сартаев – отандық заң және құқықтану саласын дамытуға елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым, қазақ қоғамындағы құқықтық сананың қалыптасуына, елімізде демократиялық құндылықтардың орнығуына атсалысқан білікті заңгер, қазақ ұлтының рухани азығына айналған тұлға.

Аталмыш ғылыми атақтардан бөлек баса айтқымыз келіп отырғаны Сұлтан Сартайұлының қазақ қоғамы үшін сіңірген ең үлкен еселі еңбегі «мемлекеттік Егемендік декларациясына» қосқан орасан зор үлесі болатын.

Егемендік – мемлекеттің жеке, дербес өмір сүруінің көрінісі әрі белгісі болып табылады, яғни ел ішіндегі биліктің үстемдігі мен шексіздігі. Халықаралық құқық субъектіге ие мемлекет үшін басқа мемлекеттермен қарым-қатынаста тәуелсіздігі мен тең құқылығы. Міне, осы анықтамаға қарап-ақ тұлғаның еңбегі өлшеусіз құндылық екендігіне көз жеткізу тіптен қиын емес.

Екі ғасырдан астам уақыт бойы қазақтардың әрбір ұрпағының арман-аңсары осы ұғымның құшағында болғандығы белгілі. Егемендікке жету жолы, тарихтың артқан жүгі соншалықты қиын ауыр сын еді. Жоғары кеңестің сессиясында тұңғыш рет қазақ мемлекеттілігінің егемендігі туралы мәселенің қаралуы, сөз жоқ қоғамдық өмірге де зор ықпал етті деген ойдамыз. Тіптен келешекте Республика өмірінде аса маңызды рөл атқаратын бұл құжат жобасы қызу талқыланып, Парламент мүшелері декларацияның әрбір сөзіне жіті мән беріліп, ұсынысты сол бойда дауысқа салып отырған. Сөйтіп, қазақ қоғамы советтік сананың елесінен арылып, саналық сілкініс орын алды. Жоғары кеңес «мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны» 1990 жылы 25 қазанда қабылдады. Қазақстанды жер-жаһанға танымал еткен «мемлекеттік егемендік туралы Декларациясы» өмірге келді.

Еліміздің егемендігі аталмыш құжатпен ресми түрде жариялануы да біз үшін зор құрмет. Соның есебінде әлемдік өркениет аясында даму сатысына қадам басқанда өткен тарихымызды саралап, бұрын тыйым салынған ақиқатты бүкпесіз айтуымыз да Декларацияның маңыздылығын айқындай түседі.

Сұлтан Сартайұлының өзі айтпақшы: «мен егемендік туралы декларация рухына зор құрметпен қараймын. Сабырсыздарды сабасына түсірген бұл құжаттың, сол тұстағы ұлттық және азаматтық белсенділіктің бағасын әлі келер ұрпақ айтатын болады».

Аталмыш декларацияда бекітілген барлық идеялар мен қағидаттар барынша кеңейтіліп, биіктей беретін деңгейде мемлекеттік тәуелсіздік туралы 1991 жылғы Конституциялық заң мен 1993 және 1995 жылғы Конституцияда дәйектенді. Яғни, С. Сартайұлының бұл еңбегі Қазақстанның заңнамалық жүйесінің жаңаша дамуына негіз болды.

Бүгіндері қай қазақтан «Дәмі бітпес, таусылмас тәтті бар ма?–десең, «Бар» - деп батыл айта алады. Ол – тәуелсіздік. Одан биік, одан мәртебелі мұрат жоқ, болмайды да. Арманынан бір сәт айнымаған асыл халқымыз, жаны жайсаң қазақ халқы үшін, 16 желтоқсан мәңгі өшпес алтын әріптермен кестеленетін күн болып қалды.

1991 жылғы 16 желтоқсанды еске түсіре келе Сұлтан Сартайұлы өз сөзінде: «Дәл сол күні мен ел Парламентінің депутаты ретінде биік мінберге көтеріліп, тұңғыш рет өзім жасаған "Тәуелсіздік туралы" Заңның жобасын депутаттар мен үкімет мүшелері алдында жариялап, "біз бүгіннен бастап тәуелсіз мемлекеттердің қатарына қосылуымыз қажет!" – деген пікірімді ашық білдіріп, осы тақырыпта баяндама жасадым. Арада қанша уақыт өтсе де, мен сол күнгі шексіз қуанышымды ешқашан ұмытқан емеспін» дейді. Қалай қуанбасқа? Заманымыздың заңгар тұлғасының іштен шыққан жылы сөздеріне біз де қосыламыз.

Тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің бірі – Ата заңының болуы. Осы тұрғыдан Академик Сұлтан Сартайұлы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Конституциямызға өзіндік жаңашыл үлесін қоса білді. Атап айтсақ, конституцияның демократиялық құндылықтарын негіздей келе, АҚШ-тың 8 штатында болып Конституцияға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Сол күндердің биігінен қарай отырып, бұл игі істерді болашаққа жасалған сенімді қадам деп білеміз.

Сұлтан Сартайұлының ширек ғасыр бойы аянбай еңбек еткен орны ол – «қара шаңырақ» қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Өткен ғасырдың еншісінде Мұхтар, Мырзатай сынды дара тұлғалар қолтаңбасын қалдырған қазыналы білім ошағында Сұлтан Сартайұлының да есімі алтын әріптермен жазылары шүбәсіз.

Көзі тірісінде-ақ есімі аңызға айналған, қазақтың дара тұлғасы бола білген Сұлтан Сартаевтың ұлтқа сіңірген еңбегі еселі. Қазақта «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген нақыл сөзі осындайда айтылған болуы керек ...

Көкірегінде сана, көңілінде саңылау бар жас үшін Сұлтан Сартайұлының әр дәрісі танымы мол тарихи тағылым. Ол өз ісімен өскелең ұрпаққа тәуелсіздіктің парқын терең сезінуіне, қастерлеуіне даңғыл жол сала білді.

Сұлтан Сартаевтың мемлекетіміздің құқықтық іргетасын қалауға қосқан үлесін, заң ғылымын дамытуға сіңірген еңбегін, ғалымдығын, ұстаздығын һәм қайраткерлігін екі ауыз сөзге сыйдыру мүмкін емес. Тұлғасы мемлекет пен қоғам тарапынан мойындалған оның ғылыми еңбектері мен ел алдында атқарған қызметі алдағы уақыттарда да заман талабына сай әр дәуірде түрлі қырынан зерттеліп, уақыт өткен сайын ерекшелене беретініне біз кәміл сенеміз.

Талай заңгерлер тәлім-тәрбие алған ұлағатты ұстазымыздың асыл бейнесін жүрегімізде, ал оның ғибраты мол тағылымын әрқашан да жадымызда сақтау біздің шәкірттік парызымыз.

**А. МОЛДАҒАЛИЕВА,**
*кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы*

# АСЫЛ АҒА КЕЛБЕТІ

**Тәрбие мәселесі адамның дамуы мен қалыптасуын зерттейтін педагогикалық ғылымның негізгі категориясы болып келеді. Жастардың іс-әрекетін тәрбие арқылы бағыттау, дағдылау және икемдеу жеке адамды қалыптастырудың негізгі шарттары болып табылады. «Тәрбие–адамды қалыптастыратын және жетілдіретін үйлесімді процесс» деп Я.А. Коменский өз педагогикалық еңбектерінде тәрбие ұғымына нақты түсінік берген.**



Ерлік, адамгершілік, патриоттық сезім түсініктерінің теориялық негіздерін, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған, халықтың ұлы перзенттері: Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Абай Құнанбаев, С. Торайғыров, М. Сералин, М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Көбеев, Б. Момышұлы. Осы кісілердің аса маңызды еңбектері теориялық негізге салынған, ерлік, патриоттық сезім, адамгершілік түсініктері бүгінгі күні жастардың азамат болып қалыптасуына тигізер әсері өте зор. Назарға алатын болсақ Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби «Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз алынған білім–адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген.

Жас ұрпақты еңбекке, қоғамдық іске, жігерлі болуға үйрету мақсатымен адам баласының қоғамдық өмірінде, тарихында, тұрмыс тіршілігінде қалыптасқан өмір тәжірибиесін, мінез-құлық пен дағдыны тәрбие дейміз.

Бүгінгі күні Педагогика және білім менеджменті кафедрасының тарихына көз жіберсек, көптеген ағаларымыздың педагогикалық еңбектеріне көз жүгіртсек болады. Аталмыш кафедраның кемеңгер ұстазы, белгілі ғалым, асыл аға Мешітбаев Тұрсын Мешітбайұлы.

1974 жылы Т.М. Мешітбаев "Қазақстан Коммунистік партиясының соғыс алдындағы бесжылдықтар уақытында (1928-1941 ж.ж.) педагогтық кадрлар даярлау және тәрбиелеу бойынша қызметі" тақырыбына ғылыми диссертация қорғады.

1981 жылы Т.М. Мешітбаев С.М. Киров атындағы ҚазГУ педагогика кафедрасының аға оқытушысы ретінде өзінің қызметін бастады. Бір жылдан соң, конкурстан өтіп, ол осы кафедраның доценті қызметіне ауыстырылды. 10 жылдан астам (2000 жылға дейін) даңқты университеттің шаңырағының астында ғылыми және педагогикалық қызметін атқарды.

С.М. Киров атындағы ҚазГУ педагогика кафедрасының аға оқытушысы ретінде Т.М. Мешітбаев өзінің қызметі барысында тарих және педагогика жөніндегі 30-дан астам ғылыми ірі мақалалар мен ғылыми еңбектердің авторы атанды. Тұрсын ағай ғылыммен қатар тәрбие жұмысын осылай жүргізе отырып, жас ұрпақтың ортақ мақсатта іс-әрекетке ұмтылуына үлес қосқан.

Қазақ халқының тәрбие теориясы - ұлт психологиясының негізіне назар аудара отырып, Тұрсын Мешітбаевтің бүгінгі педагогика және білім менеджменті кафедрасының қалыптасуына үлес қосқанын «Ағасы бардың жағасы бар» деп, өсіп келе жатқан жас мамандар мен жас ұрпаққа үлгі етеміз.

**Ғазиза ӘБДИЕВА,**
*педагогика және білім менеджменті кафедрасының аға оқытушысы*

**ҚазҰУ-да Түркия, Грекия және Сирия университеттерінің өкілдері бас қосып, әл-Фарабидің мерейтойына арналған шетелдердегі шараларды ұйымдастыру мәселелерін талқылайды**

# ДОСТОЙНАЯ НАГРАДА

**Коллектив факультета истории, археологии и этнологии КазНУ имени аль-Фараби от всей души поздравляет доктора исторических наук, профессора кафедры истории Казахстана Мурата Жумабековича Ташенева с присвоением почетного звания "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері" /"Заслуженный деятель Казахстана"/ и вручением нагрудного знака установленного образца.**



Ташенев М.Ж. родился 17 декабря 1948 года в городе Петропавловске Северо-Казахстанской области в известной семье Жумабека Ташенева–видного государственного деятеля в 40 лет избранного председателем Президиума Верховного Совета Казахской ССР, в 45 лет ставшего главой Совета министров КазССР. Жизнь и деятельность, стойкость и патриотичность отца стали отличным примером для Мурата Жумабековича Ташенева.

Мурат Жумабекович трудится в КазНУ имени аль-Фараби с 1973 года: аспирант, ассистент, старший преподаватель, доцент, профессор. Многогранность профессора позволила ему заниматься исследованием истории становления и развития рабочего класса Казахстана, поиском истоков народно-освободительных движений в Казахстане, выявлением значимой роли республики в победе Советского государства в годы Второй мировой войны. Были написаны и изданы монография "Рабочий класс Казахстана в 1960-1985 годы", учебное пособие, посвященное истории становления и развития промышленности и подготовки рабочих кадров в Казахстане в 60-70-ые годы XX века, учебно-методические пособия для студентов "Народно-освободительные движения в Казахстане в XIX веке", "Казахстан в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.)".

В разные годы ученый читал выборные курсы для магистрантов и докторантов: "Проникновение иностранного капитала в экономику Казахстана", "Внешняя политика Республики Казахстан", "Историческая психология", "Модернизация экономики независимого Казахстана", "Становление исторического образования в Республике Казахстан", "Современные теоретико-методологические подходы к актуальным проблемам Отечественной истории", "Советский опыт социальной модернизации традиционного общества: уроки и историческое значение" и др.

М.Ж. Ташенев как руководитель выпускных работ бакалавров и магистрских диссертаций на факультете предлагает им для научных изысканий темы, важные для проведения успешной модернизации РК: новая модель развития профессионального образования в Казахстане на современном этапе, Республика Казахстан в условиях рыночной экономики, форсированное индустриально-инновационное развитие РК и отход экономики от сырьевой зависимости, совершенствование системы технического и профессионального образования Республики Казахстан, Конституционная реформа в Казахстане - основа демократии и экономического роста, индустриализация Республики Казахстан - залог успешного вхождения в тридцатку экономически развитых стран мира, интерактивные методы обучения в вузе. За заслуги в деле обучения и воспитания студенчества он награжден Знаком "Почетный работник образования Республики Казахстан".

Мы искренне уважаем Мурат Жумабековича за интеллигентность и доброе отношение к студентам и коллегам. Желаем крепкого здоровья, счастья, семейного благополучия и выражаем надежду, что его знания и опыт будут еще долго востребованы на благо университета и Республики Казахстан.

**Ажар АХМЕТЖАНОВА,**
*к.и.н., доцент кафедры истории Казахстана*

# СОВЕРШЕНСТВУЕМ МЕТОДИКИ

**Университетская школа кураторов-эдвайзеров при поддержке Департамента по воспитательной работе собрала студенческих наставников на зимние тренинги в десятый раз.**

За эти годы педагоги познакомились и сами протестировали много новых методов организационно-воспитательной работы с обучаемыми. И всегда в центре внимания стоит развитие личности студента, магистранта, докторанта КазНУ им. аль-Фараби, их психологическая поддержка, решение сложных педагогических ситуаций.

В этот раз программа состояла из таких оригинальных тем как «Арт-методы и сторителлинг в развитии личности студентов. Регуляция эмоций» и «Конфликтологическая грамотность: группы риска».

Лектор первого тренинга – д.п.н., профессор А.К. Мынбаева на основе последних достижений педагогической науки показала коллегам, чем более истории выразительны, тем больший эффект от них воздействия. А вся наша жизнь, где университет – не исключение, большая многоплановая история.

Арт-методы стимулируют к раскрытию личности, высвобождению негативных эмоций, помогают выйти из кризисной ситуации. В активном сторителлинге обучаемые вовлекаются в воспитательный процесс через творчество, отходя от порой традиционных и сложных рамок классического обучения.

Добавление в обыденный воспитательный процесс арт-методов позволяет отходить от клише и делать процесс формирования личности нашего выпускника уникальным. Преподаватели университета – участники зимней школы, не только сами с воодушевлением выполняли творческие задания, но и брали на заметку принципы их применения в подшефных группах.

В плоскости расширения методов преодоления конфликтов строился тренинг доцента, к.п.н. З.М. Садвакасовой. Слушатели узнали, как расширить традиционные устные и письменные коммуникации интерактивными методами, преодолеть дисгармонию личности и конфликтные ситуации в группе, научить студентов самостоятельно решать проблемы путем диалога. Конфликтологическая грамотность должна помочь минимизировать все возникающие деструктивные формы в молодежной учебной среде. Преподаватели активно выполняли упражнения тренинга, используя собственный опыт и новые знания.

Университетская школа кураторов-эдвайзеров помогает преподавателям, являющимся наставниками студенческих групп, быть в курсе новых педагогических и психологических методик, активно применять их в повседневной деятельности.

**Лариса НОДА,**
**Александр РОЖКОВ,**
*кураторы-эдвайзеры факультета журналистики*



# Көшпелі-оқу семинары

**Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультеті жанындағы Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Түркіменстан елінен келген «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығында оқып жатқан бірінші курс студенттері Алматы облысындағы Жамбыл және Шамалған ауылындағы ҚР Тұңғыш Президентінің атындағы «Атамекен» мұражайына барып танысып қайтты.**

Көшпелі-оқу семинар сабағы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылды.

Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу орталығының жетекшісі ф.ғ.к. доцент А. Мәуленов, Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының мұғалімдері Ж. Абишев, Б.Баязитов, Н. Досановалар студенттермен бірлесе жұмыстар атқаруда өте нәтижелі жетістіктерге жетуде.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп кемеңгер Абай айтқанындай, студенттерге тәлім-тәрбие сабақтарын өткізіп, жиі саяхаттар ұйымдастырып жүрген кафедра оқытушыларына үлкен ризашылықтарын білдірген Түркіменстаннан келіп, білім алып жатқан студенттер Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарына жататын мұражайлардағы құнды жәдігерлерімен танысып, мол рухани тағылым алғандарын жарыса айтып жатты.

**А.МӘУЛЕНОВ,**
*Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу орталығының жетекшісі, ф.ғ.д. доцент;*

**А.КАКИМОВА,**
*жетекші маман*

**На кафедре Дальнего Востока» с участием гостей из Токийского университета прошла «Зимняя школа»**

# ВКУС СПОРТИВНЫХ ПОБЕД

**Во время зимних каникул в КазНУ им.аль-Фараби – горячая пора. В университете проводится ставшая уже традиционной спартакиада «Денсаулық-Здоровье», и студенты уступают места на спортивных площадках своим преподавателям.**



В 48-й раз работники университета собираются в свободное от занятий время, чтобы посостязаться друг с другом. В программе – семь видов спорта: бадминтон, шахматы, настольный теннис, волейбол среди мужчин и женщин, мини-футбол и тогызкумалак. Спартакиаде предшествовала большая организаторская работа. С начала учебного года на факультетах были сформированы команды, проводились тренировки. В соревнованиях приняли участие 20 сборных команд факультетов и подразделений (764 человека).

Подготовку к спартакиаде всегда обеспечивает профсоюз «Парасат» работников КазНУ им.аль-Фараби. Спортивная работа – одно из приоритетных направлений работы объединения. Председатель профсоюза Т.К.Мекебаев постоянно подчеркивает, что спорт и здоровье сотрудников тесно связаны между собой. В оценку работы профорга обязательно входит и уровень спортивных достижений подразделения.

Большую помощь в организации и проведении спартакиады оказала администрация университета во главе с ректором - Г.М.Мутановым, и спортивный клуб КазНУ, который возглавляет Т.Н.Дуйсембаев.



Победителем спартакиады в общекомандном зачете стала военная кафедра (начальник кафедры полковник О.В.Ажимов). Второе место в спартакиаде завоевал спортивный коллектив факультета филологии и мировых языков (декан О.Абдиманулы,). На третьем месте – факультет химии и химической технологии (декан – Х.С.Тасибеков). Хорошую организаторскую работу по подготовке сборных команд факультетов и подразделений к соревнованиям провели председатели профсоюзных бюро: Э.А.Бейсетбаева (военная кафедра), Ш.Баратов (факультет филологии и мировых языков), Р.Г. Рыскалиева (факультет химии и химической технологии), Л.И. Мухамадиева (факультет журналистики), Ж.М. Мусульманова (библиотека), Ж.Ж. Кумганбаев (факультет истории, археологии и этнологии).

О популярности спартакиады «Денсаулық-Здоровье» красноречи свидетельствует то, что с каждым годом команд-участниц становится все больше – в этом году в число участников вошли новые команды ректората, библиотеки и издательства. Спартакиада вызвала большой интерес среди профессорско-преподавательского состава, докторантов и сотрудников университета, помогла получить хороший заряд бодрости и здоровья, повысила эмоциональный и физический тонус участников. Команды – призеры соревнований по семи видам спорта – были награждены грамотами и призами от профсоюза.

**Ольга ЛОЖНИКОВА,**
*заместитель председателя профсоюза «Парасат» работников КазНУ им. аль-Фараби*

# ТАРИХНАМА – ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

**Бүгінгі таңда ЖОО-дарында білім сапасын көтеру өзекті мәселе болып тұр. Мәселен, тарих мамандығы бойынша оқып жатқан магистранттар «Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау» атты пәнді жақсы меңгеріп, соның ішінде кез келген тақырыптың өзектілігін негіздеуге, деректік базасы мен тарихнамалық негіздерін аша білу керек.**



Көп жағдайда магистрлік диссертациялар мазмұнында тарихнамаға үстірт қарау орын алып жатады. Ал арнайы тарихнамалық талдауға бағытталған диссертацияда тарихнаманың орны, әрине, одан да маңызды.

Тарихнама — тарих ғылымының даму тарихы, ол ғылыми бағыттардың, мектептердің қай ғасырда пайда болды және ары қарай дамуы, немесе белгілі ғылыми проблема қай кезден бастап зерттеле бастады, ғалымдар осы ғылым саласы/тақырып бойынша қандай еңбектер жазды, тұжырымдамалар ұсынды – соны зерттейді. «Тарихнама» (орысша историография, ағылшынша historiography) деген атау ең алдымен тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуын, өзекті мәселелерін қарастырады.

Қазақстандық белгілі тарихнамашы Оразгүл Хасенқызы Мұхатова осыдан жиырма жыл бұрын, яғни 1999 жылы 8 қазанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы диссертациялық кеңес мәжілісінде «Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы (XIX – ғасырдың соңы XX – ғасыр)» тақырыбында докторлық диссертацияны сәтті қорғаған еді. Содан бергі уақытта Қазақстан тарихының тарихнамасы проблемаларын зерттеумен айналысып келеді. Ұстазға 2003 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Жоғарғы аттестациялық комиссиясы профессор атағын берді.

Белгілі тарихнамашының тарих ғылымының осы саласынан жариялаған еңбектерінің саны 250-ден асады. Солардың арасында «Қазақстандағы XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы аграрлық реформалар тарихнамасы», «Қазақстандағы XX – ғасырдың 20-90-жылдарындағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы», «Тарихи және тарихнамалық деректер» атты монографиялары бар. «Ұлы Жібек жолының төңкеріске дейінгі тарихнамасы» атты ғылыми мақаласы SCOPUS базасына енген журнал бетіне жарияланып, бірқатар шетелдік журнал редакцияларының назарын аудартты.

Профессор О. Мұхатова «XIX-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы», «Тарихнама ғылымы: теориялық-методологиялық негіздері және зерттеу үлгілер», «Қазақстан тарихының тарихнамасы», «Отандық тарихи ойдың дамуы» оқу құралдары «Тарих» мамандығы бойынша білім алатын студенттер мен магистранттар, тарихнама пәнінен дәріс беретін оқытушылар үшін қажетті кітапқа айналған.

Энтузиаст-педагог студенттерге «Қазақстан тарихының тарихнамасы», «Шетелдер тарихының тарихнамасы» курстарынан дәріс оқып, семинар сабақтарын жүргізді. 2016 жылы «Қазақстан тарихының тарихнамасы» пәні бойынша бұқаралық жаппай ашық онлайн курс (МООК) түсіріп, білім алушыларға ұсынды. Магистранттар үшін «Тарихнама ғылымының теориялық және методологиялық проблемалары» базалық және «Тарихнамалық зерттеу модельдері» атты авторлық арнайы курсын 2008 жылдан бері оқып келеді. 2011 жылы профессор О. Мұхатова республикалық «ЖОО Үздік оқытушы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

Проф. О.Х. Мұхатованың айтуынша, тарихнама әр халықтың тарихи ойлау жүйесін, қабілетін де анықтауға көмектеседі. Әлем халықтарының тарих жазу дәстүрлері әр түрлі. Жазбаша тарихнама өз бастауын ауызша шежіре, тарихи аңыздардан алады. Көне заманда өмір сүрген, «тарихтың аталары» Геродот пен Сыма Цяньнен бастап көптеген тарихшылар ауызша тарихнамалық дәстүрлерге сүйенді. Қалай болса да, әр халық, мемлекет өз тарихындағы ең жақсы, жеңісті кезеңдері ашып көрсетуге күш салады, сондықтан белгілі бір субъективизм болады.

Тарихсыз халық жоқ, сол себепті тарихқа жүгіну әр халық үшін рухани қажеттілік қана емес, әлемдегі орнын, болашағын бағдарлау үшін қолданылатын құрал. Ал тарихнаманың міндеті тарихтың қалай жазылып жатқанын саралау, зерттелген мәселелер мен анықталмаған сұрақтарды айқындау. Жас тарихшылар тарихнамаға құрмет көрсетіп, өздері зерттеп жатқан тақырыптарының әр кезеңдегі тарихнамалық жағдайын жете білу керек.

**Н.НҰРТАЗИНА,** *профессор;*
**Е.ШАЛБАЕВ,** *2-курс магистранты*

**ҚазҰУ-да дәстүрлі «Денсаулық» спартакиадасы өтті**

**В 40-й генеральной конференции ЮНЕСКО в Париже обсуждались актуальные вопросы инклюзивного образования, мобильности и непрерывного обучения. Высокой оценки была удостоена работа кафедр ЮНЕСКО КазНУ им. аль-Фараби по достижению целей и продвижению идей этой авторитетной организации.**

# Высокие стандарты ЮНЕСКО

Казахстан и ЮНЕСКО плодотворно сотрудничают на протяжении многих лет, благодаря подписанному меморандуму в августе 1995 года. В этом документе были определены основные направления сотрудничества – образование, наука и техника, социальные и гуманитарные науки, культура, сфера коммуникаций. В области образования стороны пришли к пониманию необходимости вовлечения нашей страны в уже работающие конкретные проекты и программы ЮНЕСКО. Также была признана важность реформы и модернизации системы образования в Казахстане, при участии в них этого специализированного учреждения ООН. Одновременно в центре сотрудничества Казахстана и ЮНЕСКО в области науки и техники выдвигались проблемы загрязнения окружающей среды и предупреждения стихийных бедствий.

14 октября 2009 года Казахстан стал полноправным членом ЮНЕСКО и присоединился к восьми международным конвенциям организации. Наряду с этим Казахстан и ЮНЕСКО подписали целый ряд соглашений для установления правовой базы сотрудничества.

Генеральная конференция ЮНЕСКО проводится раз в два года и принимает программу, бюджет организации на следующий цикл. 40-я конференция была посвящена ЦУР 4 (цели устойчивого развития) – обеспечение всеохватного и справедливого качественного образования и поощрение возможности обучения на протяжении всей жизни для всех, а также вопросам инклюзивного образования, мобильности и непрерывного обучения.

Особо хотелось бы отметить, что выделены главные направления: вопросы инклюзивности высшего образования, право молодого поколения на получение качественного образования, разработка новых методик, учебных планов, адаптированных к сегодняшним реальностям как глобальная цифровизация и мобильность мира. Как отметили участники конференции, миру нужна солидарность для достижения ЦУР, а через образование можно приблизится к этому. Университеты были и будут местом света и свободы. В условиях многообразия общества нужно выработать механизмы признания квалификации. По линии ЮНЕСКО уже стартовал пилотный проект «Квалификационный паспорт», который помог многим подтвердить свою квалификацию.

На конференции были заслушаны доклады министров, заместителей министров и профессоров, состоящих в рабочей группе, занимающейся разработкой конвенции по признанию дипломов высшего образования. Участники конференции единогласно поддержали инициативу выполнения конвенции о признании дипломов высшего образования.

Во время конференции состоялась встреча с представителями ЮНЕСКО, отвечающими за деятельность кафедры, которым были присвоены статусы «ЮНЕСКО». Была высоко оценена проведенная кафедрами ЮНЕСКО КазНУ им. аль-Фараби работа по достижению целей и продвижению идей этой авторитетной и признанной во всем мире организации.

**Т. БАЗАРБАЕВА,**
*заведующая кафедрой ЮНЕСКО по устойчивому развитию*



© UNESCO

# БАЛАНДИННІҢ ҮШ ҚОЛА МЕДАЛІ

**Олимпиада чемпионы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Дмитрий Баландин Пекинде (Қытай) өтіп жатқан Халықаралық су спорт түрлері федерациясы (FINA) – Champions Swim Series турнирінің екінші маусымында үш қола медалін жеңіп алды.**



100 метрде брасспен жүзген жүзуші 1:00.00 нәтижесімен үшінші орын алды. Бұл жарыста Қытай спортшысы Зибей Ян 58:83 есебімен жеңіске жетті. Күміс жүлдені Арно камминг (58:95) жеңіп алды.

Бұған дейін Дмитрий 100 метрді брасспен жүзіп, 200 метр брасспен екі қола алды.

Дмитрий Баландинді тамаша нәтижемен құттықтаймыз!

**Баспасөз қызметі**

**ҚазҰУ-да шет елдің көптеген университеттерімен қос дипломды білім беру негізінде магистранттарды шет елге жіберіп, білімдерін шыңдауға көмек қолын созады.**

# МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ



Біздің Қиыр Шығыс кафедрасы семестр аралық демалыста да арнайы кездесулер өткізді. Соның бірі Токио университетінің профессорларымен болған ғылыми-танымдық семинар.

Қиыр Шығыс кафедрасы қарсы алған құрметті делегация құрамына Токио университетінің магистранттары мен докоранттары және Тономура Масару мен Окада Теру сынды профессорлар бар. Бұл университет QS рейтингінде әлемдегі жетекші университеттерінің қатарында.

«Жапониядағы мультимәдениеттілік» тақырыбында семинар өтіп, студенттер тарапынан сұрақтар қойылды. Токио университеті студенттерінің презентациялары үлкен қызығушылық пен белсенді реакциясын тудырды. Талқылау барысында қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, кездесу жылы және бейресми жағдайда өтті.

Жалпы бұл кездесу - кафедра өміріндегі маңызды оқиғалардын бірі, өйткені алғаш рет екі тіл мен мәдениетті ұлғайту және байыту мәселелері талқыланды.

Сапар барысында қонақтар ҚазҰУ кампусында, «Коре ильбо» газетінің редакциясында, Қазақстан корейлері қауымдастығында және басқа да ұйымдарда болды.

**Гүлмира ТӘЖІҒҰЛОВА,**
*Шығыстану факультетінің 2-курс магистранты,*
**Ли Бенг ДЖО,**
*Хангук шет тілдер университетінің профессоры*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Қайыржан ТӨРЕЖАН, Светлана ӨМІРҒАЛИЕВА
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №100

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.